

1997 жылға арналған шетелдегі республикалық ақпараттық-насихат жұмысының бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 563

"1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 1997 жылға арналған шетелдегі республикалық ақпараттық-насихат жұмыстарының бағдарламасы бекітілсін (бұдан әрі - Бағдарлама).
2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша үйлестіруші орган болып белгіленсін және қажет болғанда Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу құқығы берілсін.
3. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық атқарушы органдар, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктері мен өкілдіктері, сондай-ақ мүдделі ұйымдардың басшылары Бағдарламада көзделген ақпараттық-насихат жұмысының уақытылылығы мен тиімділігін қамтамасыз етсін және тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне оның орындалуы жөнінде ақпарат ұсынсын.
4. Қазақстан Республикасының Инвестиция жөніндегі мемлекеттік комитеті мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктері мен өкілдіктерінің қатысуымен жыл сайын 20 қаңтарға дейін Бағдарламаға сәйкес жүргізілген шаралардың жүзеге асуы мен тиімділігі туралы есеп пен келесі жылға арналған бағдарламаның жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынсын.
5. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен мүдделі

ұйымдардың Бағдарламада көзделген шараларды жүзеге асыру үшін бәрінен бұрын шаруашылық жүргізуші субъектілер мен демеушілердің қаражатын тартатындығы назарға алынсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 14 сәуірдегі
N 563 қаулысымен
бекітілген

1997 жылға арналған шетелдегі республикалық
ақпараттық-насихат жұмысының
БАҒДАРЛАМАСЫ

| N Шаралар | Атқару мерзімі |
|---|----------------|
| p/c | |
| 1 2 | 3 |
| 1. " Экономикалық өсу - Экономикалық интеграция үшін - өзекті сөз" конференциясы | наурыз |
| 2. 1997 жылғы Лейпциг кітап жәрмеңкесі | -"- |
| 3. Герхард Хауптман атындағы қордың симпозиумы | -"- |
| 4. Қазақстан бизнесшілерінің Бельгия Корольдігіндегі сауда-экономикалық миссиясы "Қазақстан Республикасы аймақтарының экспорттық-импорттық мүмкіндіктері" | сәуір |
| 5. Қазақстан облыстарының Германиядағы беташар рәсімі (презентация) | -"- |
| 6. Экономикалық академияның Берлинде өткізетін Қазақстанға арналған семинары | -"- |
| 7. Қазақстан мен Иран арасындағы өңделмеген мұнай алмасу жөніндегі жобаның Ислам-Иран Республикасындағы беташар рәсімі | сәуір-мамыр |
| 8. Иранның іскерлік топтарының өкілдеріне арналған семинар "Қазақстан экономикасын шетелдік инвестициялау перспективалары туралы" | мамыр |

9. Қазақстан минералды-шикізат кешенінің беташар рәсімі маусым
10. Қазақстан ауыл шаруашылығының көрме-беташар рәсімі сәуір
11. Францияның ірі өнеркәсіп және ауыл шаруашылық аймақтарындағы Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінің беташар рәсімдері мамыр, шілде, қазан
12. "Франкфуртер Альгемайне" газетінде Қазақстанға арналған арнаулы шығарылым жариялау маусым
13. "Мұнай, газ, мұнай өңдеу және Каспий мұнай-химиясы" "Хазармұнайгаз-97" IV Халықаралық көрмесі және конференциясы -"-
14. Қазақстанның БҰҰ-ға мүше болып кіруінің бесжылдығына арналған шаралар:
 осы оқиғаға арналған баспасөз наурыз-конференциялары; маусым
 Колумбия университетінде (АҚШ) "Қазақстан және дүниежүзілік қоғамдастық" тақырыбы бойынша лекция;
 БҰҰ бөлімшелерінде Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері туралы БҰҰ бөлімдеріне ақпараттық бюллетеньдер тарату;
 БҰҰ штаб-пәтерінде және бөлімшелерінде "Қазақстан тәуелсіздігіне бес жыл" бейнефильмінің демонстрациясы
15. "Жібек жолымен тасымалдау" 2-Халықаралық жәрмеңкесі маусым
16. Президент Н.Ә.Назарбаевтың Пекин қаласында қытай тіліндегі "Ғасырлар тоғысында" кітабының беташар рәсімі -"-
17. "Қазақстан және Қытай - өзара экономикалық шілде -

- | | |
|--|--------------------|
| толықтыру және екіжақты ынтымақтастықты тереңдету жолында" тақырыбында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.М.Қажыгелдиннің ҚХР-ға сапары барысында қазақстан бизнес және Қытай іскерлік топтарының өкілдерімен "дөңгелек үстел" өткізуі | қыркүйек |
| 18. "Жібек жолы" IV Азиялық жәрмеңке | қыркүйек |
| 19. Милан қаласындағы халықаралық көрме. Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпарат-көрме шараларын ұйымдастыру | шілде- қыркүйек |
| 20. XLIX Франукфурт кітап жәрмеңкесі | қазан |
| 21. Сауда және даму жөніндегі XLIX сессиясының шеңберінде Женева қаласында шетел инвестицияларын тарту мәселелері бойынша халықаралық конференция | -"- |
| 22. Қазақстанның Германия мен Үндістандағы мәдениет күндері. Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар мен Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпаратты жеткізу жөніндегі шаралар | -"- |
| 23. "Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері" конференциясы | қараша |
| 24. Үкімет пен АҚШ-тың іскерлік топтарының өкілдерін тарта отырып қазақстан-американ бірлескен комиссияның кезекті мәжіліс шеңберіндегі инвестициялық семинар. | |
| "Бизнес Уик" іскерлік апталығына Қазақстан туралы арнаулы қосымша жарияланым жасау | қазан, қараша |
| 25. "Қазақстандық инвестициялық басқосу" форумы | маусым |

26. "Транзит-97" көрмесі және "Қазақстан Республикасының көлік-транзит әлеуеті проблемалары мен перспективалары" конференциясы мамыр
маусым
- ҚҚДЕБ және ХҚК қатысуымен халықаралық инвестициялық семинар маусым
28. ҚҚДЕБ және Дүниежүзілік банкінің дозор-мемлекеттермен Қазақстан жөнінде кеңес ұйымдастыруды өткізуде және ақпараттық қолдау дайындығы II тоқсан
29. "Инвестэкспо Қазақстан" халықаралық көрмесі қараша
30. Қазақстанның сыртқы сауда жөніндегі ақпараттық орталығының беташар рәсімі желтоқсан

Ақпараттық баспа басылымдары

31. Материалдар мен Қазақстан туралы оның ішінде экономикалық реформалар барысы туралы материалдармен ағылшын тілінде бюллетень шығару және оны шетел мемлекеттерінің елшіліктері және Қазақстанның шетелдегі елшіліктері арқылы тарату тоқсан сайын
32. "Интернет" компьютерлік желісінде Қазақстан Республикасының беттерін құру туралы мәселені практикалық және қаржылық жақтарынан зерделеу, бұл Қазақстан туралы саяси, экономикалық, тарихи-мәдени және насихаттық ақпаратты қамтыр еді III-IV
тоқсан
33. Инвестициялар мемкомының бюллетені (Қазақстандағы инвестициялар: экономиканың салалары мен секторларындағы басымдықтар, ел аймақтарының дамуы) III тоқсан

34. Қазақстанда өз қызметін жүзеге асырып жатқан инвесторлардың тізілімі -"-

35. Шетел инвесторларын Қазақстанның бағалы қағаздар рыногына тарту жөніндегі шаралар: II - III тоқсандар

"Бағалы қағаздар рыногы" "Бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу туралы",
"Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына ағылшын тілінде мәтіндер мен түсіндірмелер дайындау және оларды тарату, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың тізбесін дайындау

| N p/c | Өтетін орны | Атқаруға жауаптылар |
|---------|---------------------------|--|
| 1 | 4 | 5 |
| 1 | Стамбул қаласы Түркия | Экономсаудамині Сауда-өнеркәсіп палатасы (СӨП) /келісім бойынша/ |
| 2 | Лейпциг қаласы ФРГ | Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік (келісім бойынша) |
| 3 | Дюсельдорф қаласы ФРГ | Сыртқыісмині |
| 4 | Бельгия Корольдігі | Өнеркәсіпсаудамині, СӨП (келісім бойынша) |
| 5 | Оберхаузен қаласы, ФРГ | Сыртқыісмині, СӨП |
| 6 | Берлин қ. ФРГ | СІМ |
| 7 | Иран | Энергетика және табиғиресурсмині, Сыртқыісмині |
| 8 | Тегеран қ. Иран | Экономсаудамині, Инвестмемком, Сыртқыісмині |

- 9 ГФР Энергетика және табиғиресурсмині,
Сыртқыісмині
- 10 Франция Ауылшармині, Сыртқыісмині
- 11 Страсбург қаласы, Сыртқыісмині, СӨП
Марсель қаласы
Лион қаласы
Франция
- 12 ГФР Сыртқыісмині
- 13 Баку қаласы, Энергетика және табиғиресурсмині,
Әзірбайжан Сыртқыісмині
- 14 АҚШ Сыртқыісмині, Инвестмемком
- 15 Иран Көліккоммині, Экономсаудамині,
Сыртқыісмині
- 16 Пекин қаласы, Сыртқыісмині
ҚХР
- 17 ҚХР СІМ, Экономсаудамині, Инвестмемкомы
- 18 Бішкек қаласы, Көліккоммині, Экономсаудамині,
Қырғызстан Сыртқыісмині
- 19 Милан қаласы, Экономсаудамині, Инвестмемком,
Италия Сыртқыісмині
- 20 Франкфурт қаласы, Баспасөз және бұқаралық ақпарат
ГФР істері жөніндегі ұлттық агенттік
(келісім бойынша)
- 21 Женева қаласы, Инвестмемком, Сыртқыісмині
Швейцария
- 22 ГФР, Индия Білім және мәдениетмині,
Экономсаудмині, Инвестмемком,
Сыртқыісмині
- 23 ГФР Инвестмемком, Экономсаудамині,
Сыртқыісмині, Әділетмині
- 24 АҚШ Инвестком, Экономсаудамині,
Сыртқыісмині
- 25 Алматы қаласы Инвестмемком, Экономсаудамині,
Сыртқыісмині, Қаржымині
"Шеврон" компаниясымен бірлесіп
- 26 Бұл да сондай Көліккоммині, Экономсаудамині,
Сыртқыісмині
- 27 -"- Қазақстан Республикасының
Бағалы қағаздар жөніндегі

- ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯСЫ
- 28 -"- Инвестмемком, Экономсаудамині,
Қаржымині, Сыртқыісмині, Әділетмині
- 29 -"- Экономсаудамині, "Атакент" АҚ
- 30 -"- Экономсаудамині, Сыртқыісмині
- 31 -"- Баспасөз және бұқаралық ақпарат
істері жөніндегі ұлттық агенттік
(келісім бойынша)
- 32 Бұл да сондай Көліккоммині, Баспасөз және
бұқаралық ақпарат істері жөніндегі
ұлттық агенттік (келісім бойынша),
Экономсаудамині, Сыртқыісмині
- 33 -"- Инвестмемком
- 34 -"- Инвестмемком
- 35 -"- Қазақстан Республикасының бағалы
қағаздар жөніндегі
ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯСЫ